

Λ 2006
604Б/к

Бауыржан ОМАРҰЛЫ

ЗАР ЗАМАН ӘДЕБИЕТІ



Бауыржан ОМАРҰЛЫ

ЗАР ЗАМАН ӘДЕБИЕТІ

(Монография)

“Елорда”
Астана — 2005

ББК 83.3 Қаз

О-58/

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ,
АКПАРАТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІНІҢ
БАЕДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ШЫГАРЫЛДЫ

Омарұлы Бауыржан

О-58 Зар заман әдебиеті. *Монография (генезис, типология, поэтика)*
— Астана: Елорда, 2005. — 372 бет.

ISBN 9965-06-419-9

Әл-Фараби атындағы ҚазМҰУ-дің филология факультетінің
Ғылыми кеңесінің шешімімен баснаға ұсынылған.

Жауапты редактор — Қазақстан Республикасы Ұлттық
Ғылым Академиясының академигі **З.Қабдолов.**

Пікір жазғандар: **З.Ф. Биссендегі** — филология ғылымдарының
докторы, профессор.

А. Ақматалиев — филология ғылымдарының
докторы, профессор.

Б. Қарібозұлы — филология ғылымдарының
докторы, профессор.

Бұл монографияда қазақ әдебиетіндегі зар заман ақындарының шығармашылығы дәүір құбылыстарымен, ұлттық мақсат-мұратымен байланыстырыла талданып-таразыланады. Ғылыми еңбекте зар заман ағымының бастау көздері, даму арналары, өзге халықтар поэзиясынан үқастық табуы, ақындардың қозқарас бірлігі жөнінде байыптамалар жасалған.

Кітап әдебиетші-ғалымдарға, студенттерге, сондай-ақ жалпы оқырманға арналған.

О 46003020100 – 369
00(05) – 05

ББК 83.3 Қаз

ISBN 9965-06-419-9

© Омарұлы Б., 2005
© “Елорда”, 2005

КІРІСПЕ

Қанша ғасыр өтсө де мән-мағынасын жоймайтың, аумалы-төкпелі заманға тап келссе де қадірі кемімсійтің, өктемдіктің қылышына туралса, кейіннен бүтіндеслетін, қара құйс жағылса, соныра сәулемесін шашып, жарқырай түсстің, қын түбінде жатпас алтын кездік секілді рухани құндылықтар болады. Елдің мұнын, халықтың қайғысын ойлап, ұлтын ұлықтап, жұртын жоқтаған арыстардың жәдігерлік дүнислері құрмсуй көп құрделі кезенде қапасқа қамалып, табанға тапталғанымен, түптің түбінде тарихтың шөгіндіні батырып, шын асылды қалқытып шығаратын толқындарына ілесіп, жағалауына жол тартады. Жаңа заманның жаңаша ойлайтын ұрпағының қолына тиесіді. Бағасы аспандап, қадір-қасисті артып, құндылығы еселеніп жетеді.

Кара өлеңнің, сиқырлы сөздің тұтқынға тұтылып, шырғалаңға шырмалып, кәдімгідей қасірет шегстіні арқаға аяздай бататын ашы шерді ақтарғандығынан. Ал ашы ақиқат қайғы-мұнның зілмауыр салмағы түскенде ғана айтылады. Ұлы Абайға жүгінсек, «Көкірек толған қайғы кісінің өзіне де билестпей, бойды шымырлатып, буынды құртып, я көзден жас болып ағады, я тілден сөз болып ағады» [1, 101].

Оз ұлтының төл тарихымен тамырлас қазак әдебиеті де қайта оралған қазыналардан кенде емес. Соның көпшілігі құлашты кең жаздырмадан құрсаулы жүйенің, озбырлық пен ойранға толы отарлау дәуірінің ақиқатын айтқан шығармалар екені даусыз. Бодандық бұғауына түскен ұлт пен ұлыстардың қайғы-шері мен зар-мұнды, азаттықты аңсаған ұлы арманы жыр болып ақтарылып, запыран болып төгіліп, халық жадынамасындағы рухани мұралармен бірге жасасып келеді. Отаршылдықтан қысымшылық көрген қалың жүрттың қайғысын ақтарған төлтума дүнислерді Мұхтар Әуезов: «Бұл дәуірдің әдебиеті сол кездегі жұмбақ құнғас жеткен слідің алдында тұрған құздан, алдында тұрған қайғылы қүнінен қорқып, қобалжып тұрып, ыңыранып, құрсінгендегін білдіреді. Не болса да артқа қайтар күн жоқ. Өлімге кетсе де алға кететін болған соң артқы бостандық, бірлік күнінс қоштаскан мезгілі» [2, 143], — деп сипаттайды.

Бодандықтың қамытын киген көшпенді халық кешегі күнгі жалына қол тигізбейтін еркіндігін, өзінің табиғатына ғана жарасатын салт-дәстүрлерін, той-думанмен өткен дәуренін шерлі сағынышпен еске алады. Сонымен қатар қайғы жұтқан қалың елдің өз басындағы ахуалға, замананың өзгерген түрінс, отарлаушылардың озбыр іс-әрекетіне, жаңа билеушілердің мінез-құлқына, оларға құлдық ұрған ел пысықтарының жағымсыз жүріс-тұрыстарына бағыштап өз сөзін айтуы заңды нәрсе. Бұл шерлі шындық тіршіліктің қақпасын ән-жырмени ашип, пәниден көшкенде зар-жырмени қоштасатын қазақ халқының әдебиетінде көрініс тапса, оған таң қалатын дәненесі де жоқ. Мұндан рухани құндылықтарды санаға саясаттың салқыны тиген, ой-пікір бостандығына тұсау салынған кезеңде шынайы бағалап, шоқтығын көтеруге мүмкіндік болмады.

Қазақ әдебиетіндегі зар заман ақындарының ой-тұжырымдарын олардың өздері ғұмыр кешкен кезеңге кезқарастарының жиынтығы тұрғысынан бағалағаның өзінде жыр жүйріктерінің мұраларынан ғибрат аларлық нәрсе аз емес. Тіршілік толғамдары, ғалам сырлары, адами болмыс, руханилық мәселелері хақындағы елең өрімдері бұл топтағы ақындардың заманың тамыр соғысын тап басып, шынайы хал-ахуалын айшықтай білгендігін көрсетеді. «Заман деген бір күндес орнап, сол құні-ақ бар мазмұнын айқындал беретін базар емес, ұлы да ұзақ сұрыпталатын кезен. Оның діліндінін бастап философиялық мазмұнын бір күнде үғыну қыын», — деп Фабит Мұсірепов айтқандай [3, 442], зар заман ақындарының әлеуметтік көзқарастары мен адам жәнс қоғам жөніндегі түсінік-танымдары жылдар бойы қалыптасты.

«Зар заман» — бұл белгілі бастау-бұлағы бар, даму аринасы, қалыптасу жолдары, тәмамдалар тұсы айқын, қоғамдық ойдағы және әдебиеттегі күбылыс. Ол заманға көңіл толмаушылықты өткен дәуреннің артықшылықтарын жырлау арқылы ұлт тағдырымен сабактастыра отырып бедерлейді. Алдымызда жақсылық жоқ, құт-берекенің бәрі сонымызда қалды дегенді білдіреді. Зар заман жырлары — отаршылдықтың талауына түскен ұлт тағдырының тығырыққа тірелгендігінің белгісі. Сондықтан мәселеғе осы тұрғыдан келіп, зар заман поэзиясының генезисіне үңілуге, ақындардың көзқарастары мен ұстанымының мән-мағынасын тереңірек ашуға, халық тағдырының арашашысы ретіндегі қайраткерлік ролін көрсетуге ден қойдық.

«Зар заман жырлары» тосыннан ойлап табылған әдеби атау емес. Бұл — қазақ әдебистің ғана емес, үлтүміздың ақыл-ойының көшбастаушылары болып есептелетін ғалымдар енгізген үғым. Идеялық негіздері ұзак уақыт бойы теріс бағаланса да, әдебиеттану ғылыминың күн тәртібінен түспеген атаулы түсінік. Біздің мақсатымыз — жиырмасыншы жылдарда әдебиетке М. Әуезов енгізген, Х.Досмұхамедұлы қуаттаған, бұдан біраз уақыт бұрын, яғни он тоғызыншы ғасырдың сексенінші жылдарында ІІ.Алтынсарин нақты айдар тақпаса да, табиғатын ашып, болмысын бедерлеген «Зар заманды» термин ретінде сақтап, жаңаша реңк, өзгеше өң беріп, теориялық негіздемелерін жасау. Бұл тұрасында да ұстанған бағыт-бағдарымыз, сүйенер дерек көздеріміз бар.

Тағы бір айтарымыз, зар заман поэзиясы тек әдебиеттану ғылыминың зерттеу объектісі ғана емес, бұл өрелі тақырып әлеуметтік қоғамдық-саяси ой ағымы ретінде тарихшылар мен философтардың ізденістерінен шеткері қалмайды. Мәселен, көрші Қыргызстанда өз әдебиетіндегі зар заман ақындарының философиялық көзқарастары бойынша ой өрбіткен еңбектер жеткілікті. Тіпті, түгелдей осы мәсселеге арналған ғылыми зерттеулер де бар. Біздің сибігімізде мұндай ізденістерді талдап-тарағылауға орын берілді. Зар заман әдебиетін өз саласы түрғысынан зерттеу нысанасына өзек стксін философтар біздің елімізде де баршылық. Бұл зар заман құбылысының ауқымы әдебиеттанумен ғана шектелмейтіндігін көрсетеді.

Әдебиетіміздің актандық беттері казақ елі тәуелсіздіккес үмтүліп, замананың жслі оңынан тұрган жылдарда қалпына келтірілс бастады. Ұзак уақыт бойы қоғамға үстемдік еткен идеологияның ықпалымен шығармалары зиянды деп бағаланып, ел-жүртінан аулақтатылған арыстарымыздың асыл мұралары арамызға қайта оралды. Бұғынгі таңда әдебиет тарихындағы, әдеби процестегі өз орнын тапқан үлт қайраткерлерінің төл туындылары жан-жақты зерттеліп-зерделеніп, сүбелі ғылыми еңбектердің нақты нысанасына айналуда. Жариялышықтың лебі ескен жылдардан бастап, ардақты есімі акталған өрбір ақын-жазушының әдеби мұрасын тұтастай қамтып, жеке тұлға ретінде шығармашылық өмірбаяны арқылы зерттеу үрдіске енді. Соның нәтижесінде жалпы жүртшылыққа бұрын слеусіз қалып келген рухани құндылықтар мен маңызды мәліметтер молынан таныстырылды.

Сонымен қатар бірнеше ақындардың шығармашылығындағы ортак ағымдарды, дәстүрлерді жинақтап, салыстырып зерттеуге де қадамдар жасалуда. Тәуелсіздікке қол артқан кезеңнен бергі мұндай ізденістер мен талпыныстар казак әдебиетінің тарихын ұлттық мазмұн жағынан байыта түсті. Түптеп келгенде әдебиетімізде актаңдак беттердің орын алуы ұлттық мұддеге орайлас асыл мұраларымыздың идеологиясы интернационалистік қағидаларға негізделген көп ұлтты мемлекеттің саяси бағыт-бағдарларымен үйлесім таппағандығына байланысты болғаны рас. Өнер мен өлеңге саясат ұstemдік еткенде шығармашылық еркіндіктің шектеулі келетіні өу бастан-ақ белгілі нәрсе. Секемшіл саясат, құрсаулы жүйе, оған қоса, тырнақтың астынан кір іздеген саяси қырағылық айтулы арыстарымыздың толымды туындыларын ұзақ уақыт бойы жарыққа шығармады.

Қазақ әдебиетінің тарихында зар заман ақындары деген атаумен белгілі жыр жүйріктері — заманың желі онынан туғанға дейін шығармалары жұртшылыққа кеңінен таныстырыла қоймаған тұлғалар. Кеңестік кезеңде олардың ардакты есімдерін негізінен әдебиетшілер, сол ақындар ғұмыр кешкен өлкелердің халқы, көзі қарасты, көңілі ояу оқырмандарға жақсы білгенімен, былайғы ел-жүрт жыр жампоздарының мұраларын толық пайдалануға мүмкіндік ала қойған жок. Олардың зиянды делінген шығармалары партияның қаулы-каарларымен матап тасталды. Зар заман ақындары шығармаларының жұртшылыққа токтаусыз жол тартып жатқаны — кейінгі жылдардың жемісі.

«Зар заман ақындары» деген Мұхтар Әуезовтің анықтамасы кейіннен олардың мұраларын қофамнан шеттеткенде таптырмайтын тіркеске айналды. Болмыстың берекесіздігінен жерініп, өткенді көксеген ақындардың қайғы-мұны «зарлауық», «сары уайымға салынушылық» үғымдарына телінді. Әдебиеттануда бұлардың «зарлану» үрдісін зорайтып көрсетіп, поэзиядағы басқа құндылықтарын соның көлеңкесінде қалдырып, бағасын кетірінкіреп көрсету орын алды. Тағы бір атап айтар нәрсе, күні кешеге дейін қазақ әдебиетінің тұлғалы өкілдері Дулат Бабатайұлы, Шортанбай Қанайұлы, Мұрат Мәңкеұлы, Кердере Әбубәкірлер ағартушылық-демократияшылдық бағытқа қарсы кертартпа бағыттың өкілдері ретінде бағаланып келді. Қофамдыға емес, әдебиетті дс кері қарай тартатын ағымның ақындары жөнінде мындаған мектептер мен ондаған оқу орындарында дәрістер

оқылды. «Зар заман» деген ұғым пессимизмнің талассыз ба-
ламасы болып кеткені де содан.

Бұл ақындардың шығармаларына тұсау салудың бірінші
себебі — олардың өлең-жырларында қазіргі тіршілікке ра-
зылық танытпай, болашақтан аса үміт күтпей, қазактың
көшпенді өмірінің көріністерін аңсау сарынының орын алуы.
Қоғамды алға қарай тоқтаусыз сүйрекен прогрестік бағдар-
ламаның мақсат-мұраттарымен «зар заман», «ку заман», «тар
заман» деп жырлаған ақындардың рухани үндестік таба
қоймасы белгілі.

Екіншіден, зар заман жыршылары отаршылдыққа қарсы
бой көтерді. Олардың өлең-толғауларында «орыс», «көүір»
сөздері қазақ даласын басып алғып, ойран салған шапқыншы-
лардың атаяу ретінде жи ұшырасады. Зар заман поэзиясында
отаршылдықтың озбырлығынан құйзеліске ұшыраған қазақ
слінің ауыр ахуалы, кетсөі кеткен тіршілігі жан-жақты ба-
яндалады. Саяси қырағылық мұны да байқамай қалған жоқ.

Үшіншіден, олардың біркатарының шығармаларында
акырзамандық (эсхатологиялық) сарын орын алды. Айналы-
дағы болып жатқан өзгерістерді қабылдамай, оны акырзаман-
ның тақау келгенімен байланыстыру, діни мистикаға телу
үрдісі де әдебиеттегі көртартпалықтың мысалы есебінде тілгес-
тиек болды.

Зар заман поэзиясын зерттең-бағалаудың көпжылдық
дәстүрінде байқалған тағы бір жайт — бұл ақын-жыраулар-
дың өлең-толғауларының көркемдік құндылықтары, озіндік
өрнектері мен өрісті ойларының саяси көзқарас түрғысынан
сленіп-скишлуі. Олардың қазақ поэзиясындағы орны, әдеби
процессегі ролі, жыр әлеміне қосқан үлестері идеологиялық
талап таразысының өлшемі арқылы бағаланды. Сондай-ақ
саясатқа қарсы толғауларына бола өзге шығармаларының бәрі
де «жазаға ұшыраған» жыр жүйріктерінің жолы қай кезде де
жеңіл болған жоқ.

Идеологиялық қатаң қысымшылыққа қарамастан аталған
дәуірдің айтулы өкілдері Дулат, Шортанбай, Мұрат,
Әбубәкір, Асан шығармаларының кеңесстік кезең тұсында
жарияланған сәттері де болды. Бұл толғауларға тыйым са-
лынған уақыттың өзінде әдебиетші-галымдар зар заман
поэзиясы, оның өкілдері туралы жағымды пікірлер білдірді.
Осы мәселеге зерттеуіміздің барысында арнайы тоқталамыз.

Аталған әдеби құбылыстың өзге халықтардың
поэзиясында ұшырасуы, өсірссе көршілес қырғыз әдебиетіндес-

кеңінсін қанат жаюы, осыған орай бұл мәселеге деңдеп ба-
руымыз зерттеуіміздің ауқымын кеңейтс түсті. Қырғыз
әдебиетіндегі олардың ырчыларының «замана ақындары» деп
аталып, белді өкілдері Қалығұл Байұлы, Арыстанбек Бұй-
лашұлы, Молда Қылыш Шамырқанұлы, Алдаш Молдалардың
«Ақырзаман», «Тар заман», «Зар заман», «Хал заман» атты
шығармаларының болуы ғылыми сәнбекімізді іргелес жүргттың
әдебиетімен салыстырмалы түрде қарастыруға, өзара маз-
мундық жөне тілдік-стильдік үқсастықтар іздеуге жетследі.

Аталған ақындардың әдеби процестегі орнына оң баға
беру ғылыми жұмыстың негізгі нысанасының бірі болды.
Ұзақ уақыт бойы Абайдың «Біреудің кісісі өлсе, қаралы ол»
деп басталатын өлеңіндегі бір шумакты негізге алып, ұлы
акынның ұстанымын таптық көзкарас тұрғысынан зерделеп,
Шортанбай, Дулат, Бұқарларды оған қарсы қойып келгеніміз
рас. Тіпті слуїнші жылдардың аяғында аталған ақындардың
шығармаларындағы көртәрпалық сарындарды ағартушы-
демократ ақындардың өлеңдеріндегі прогрессивті идеялармен
салыстыра, шендестьіре зерттеуді міндеттейтін алқалы басқосу
өтіп, тиісті шешімдер шығарылған.

Бүгінгі көзкарас тұрғысынан кесілек, «көркем шығарма
өзін туыннатқан дәуірмен тығыз байланысты... сонысымен
де оның көркемдік ұлгілері тарихи тұрғыдан ерекшеленіп
тұрады» [4,8], — дсп Л.И.Тимофеев айтқандай, зар заман
поэзиясында отаршылдық кезеңдегі қазақтың қасіреті, ұлттың
арман-мұраты шынайы бейнеленді. Дәуірдің бет-бейнесі, за-
мана адамының мінез-құлқы жанды сурет, ойлы образдар
арқылы көрініс тапты.

Зар заман өлеңдерінде азаттықты аңсаған қазақтың рухы
сақталды. Бұл шығармалардың өзегіндегі ұлтты өзгіден құтқа-
ру идеясының негізі қаланды. «Әдебиет — ақиқат өмірдің
сырлы суреті, халықтың көркем тарихы» [5, 20], — деген
академик З.Қабдоловтың тұжырымына сай зерделесек, зар заман — бұғауда бұлқынған қазақ ұлттының шерлі шындығы.
Зар заман жырларындағы отаршылдыққа наразылық сары-
ны кейін ұлт қамын ойлаған ақындардың шығармашылығы-
на түгел жайылды, рухты оятып, күрескерлік сананың
қалыптасуына жол ашты. Өз дәуірінің мәдени құндылықта-
рын жаңа дәуірге жеткізген «зар заманшылар» ұлттың бір
сападан скінші сапаға өтуі, ауыз әдебиетінің жазбаға көшуі
аралығындағы дәнекерлік ролін атқарды. Тегінде, «адамзат
мәдениетінің қай дәуірін алсақ та, арғы-бергі заманнан, та-

рихи оқигалардан, қоғамдық құбылыстардан, уақыттаи өзіншіс бөлек түйікталып, олармен ешбір байланыссыз тылсым сыр болып жатқан өзгеше мәдениет болмаған» [6, 12].

Фылыми жұмыста қоғамдық ойдағы зар заман ағымының отаршылдыққа қарсы құрескен бірқатар елдердің әдебиетінде, оның ішіндегі поэзиясында кездессетін құбылыс схемін дәлследеуге дең қойылды. Әсіресс көшпеніділікті бастап кешкен, атамекеніне басқыншылар келіп қоныстанған елжүрттың бір-бірін бұрын-соңды көріп-білмесген ақындарының заман құйін толғаған жырларындағы ұқсастықтар мен ерекшеліктер жан-жакты талданды. Ұлт мұддесімен өзектес зар заман поэзиясын қазақ әдебиетінің теориялық тарихымен байланыстыра зерттеп-зерделеуге бағыт ұстадық.

I ТАРАУ

ТАҚЫРЫПТЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ ЖӘНЕ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕМЕЛЕРІ

«Зар заман» атаяуын әдеби термин ретінде алғаш рет Мұхтар Әуезов қолданысқа сияқты. Ол өзінің 1927 жылы жарық көрген «Әдебиет тарихы» атты сибесіндегі зар заман ақындарына арнайы бөлім арнап, күрделі кезең поэзиясына жан-жақты талдау жасады; зар заманың өкілдерін атады; бұл дәуірдің басы мен сонына дейінгі аралықты белгіледі; сондай-ақ тарихи және теориялық негіздемелерін ұсынды. «Зар заман деген — XIX ғасырда өмір сүрген Шортанбай ақынның заман халін айтқан бір өлеңінің аты. Шортанбайдың өлеңі ілгергі, сонғы ақындардың барлық құй, сарынын бір арнаға тұтастырғандай жынынды өлең болғандықтан, бүкіл бір дәуірде бір сарынмен өлең айтқан ақындардың барлығына «зар заман» ақындары деген ат қойдык» [1, 192], — деген М.Әуезовтің тұжырымды сөзі кейін әдебиеттану ғылымында накты үғым ретінде калыптасты.

М.Әуезов бұл кезеңнің өлеуметтік ахуалына, осы топқа жататын ақындардың әдебиеттегі орына, өзіндік ерекшеліктеріне, үстанған бағыт-бағдарларына жан-жақты баға берді. Ол бұл сибесіндегі өзі атап көрсеткендегі, «Зар заман» деген бағыт недең басталып, немен бітті? Ақындары кім? Бұрынғы өлеңдерден басқалық жаналығы бар ма? Кейінгі заманға қандай сарқыт қалдырды? Одан соң әдебиетте бұл дәуір қандай орын алады?» [1, 193], — деген сауалдарды берік түпказық етіп үстанды.

М.Әуезов зар заман дәуірін Абылай тұсынан басталып, Абаймен аяқталатын жүз жылдық кезеңге әкеп тірдейді. Зар заман ақындарынан бастап біздің әдебиетіміз жазбаша сипат алатынын атап көрсетеді. Бұл сибекте қазақтың зар заман ақындарының шығармашылығы әр қырынан алынып, талдап-таразыланды. Ұлы суреткердің алдымен баса назар аударғаны — олардың келешекке көрсегендікпен болжам жасауы. Заманың азған белгісін түстеп танытып, алдағы уақыт-

тың көрсметтерін көзбен көріп, колмен ұстағандай айқындалап беретін көріпкелдік қасиетті бөле-жара атаған ғалым акындарды «келер күннің жұмбагын шешкен» деп сипаттайды.

М.Әуезов зар заман акындарының сары уайымшылдық сарынына да, қайраткерлік роліне де айрықша тоқталады. Сары уайымшылдықтың халықтың мұң-мұқтажымен сабактастығына, қайраткерліктің ұлттық рухпен өзектестігіне назар аударады. Жазушы «зар заманды» бір жағынан елді бүліншіліккес ұшыратып, мұнды жыр айтқызыған шерлі дәүір деп санаса, екінші жағынан кайғы басқа түскенде, қайраткер акындардың ой-пікірі ортактасып, рух шакырған, салтдәстүрді сактап қалуға үндеген, бірлікке бастаған үйису кезеңі ретінде де бағалайды.

Зар заманин бастан әдебиеттің жазбаша сипат алатыны жөніндегі М.Әуезов тұжырымына жоғарыда тоқталдық. Сондай-ақ бұл халықтың, ұлттың коғамдық бір сатыдан екінші сатыға өту кезеңі еді. Бодан болудың басқа түскен киямет-қайымын көрген жүртітың рухы оянды. Ұлттық на-мыс бой көтерді. Қарсыласу қозғалысы күшайді. Мінс, осындаған ахуал ел басына түскен нәубетті жүргімін, жантәнімен сезінетін акындарды тарих сахнасына алғын шыкты. Зар заман поэзиясы өкілдерінің жырларының максат-мұддесі алдыңғы жыраулардың шығармаларынан өзгешерек болды. Жазушы-ғалым бұл өзгерістердің де тамырын дәп басты: «Сонғы акындардың заманында сол бұлт бір есептен казак даласының үстінен соғып етті. Сондыктан бұл күннің акындары баяғыдай шыққан бұлтты сөз қылмай, содан түскен бұршақты, үй жыққан дауылды, мал ықтырған соққынды сөз қылды. Дала жайлаған елдің өмірінде бұлттан түскен каза менен дерт қандай болды, соларды айттып, күніренетін болды» [1,213].

Зар заман акындарының жырларындағы қоштасу сарыны, дінді таяныш ету дәстүрі, жыраулық өнердің ықпалы, өршілдік пісін өміршендік өрнектері, ой-пікір жаңалығы, бәрі, бәрі ұлы жазушының назарынан тыс қалған жок. Ең бастысы, М.Әуезов зар заман акындарының халықтың мұң-мұқтажын жоқтаған ой-тұжырымдарын алға тартады: «Жүдеген елді жұбатқысы келеді, сл түгелімен көнілі кірбен, ғарып сияқты, сондыктан жұмсақ қолмен ұстап, жылы сезбен келіп, көніліне қонағын ұғымдай ақыл айтпақшы» [1, 218]. Сейтіп, М.Әуезов бағалаған зар заман озгеши хал-ахуалға, сондай-ақ әдебиет дәүірінің келесі белесіне бастайды.

Қазақ әдебиетіндегі зар заманға үқсас құбылыс қырғыз әдебиетінде де бар. Егіз елдің әдебиетін бір-бірінен бөле-жармай, елеп-екшеген М.Әуезов қырғыздың зар заман ақындары жөнінде де сындарлы көзкарас танытып, байыпты пікірлер айтқан. Екі жұрттың төлтума дүниелеріндегі сабактастық замана ағымын жырлаудан көрінетінің баса мән берген. М.Әуезовтің: «Зар заман дәуірі казак әдебиетінің тарихында жаңағыдай кезең асқан дәуір болғандықтан, қазақтың жазба әдебиеті осылардан бастап әлеумет халін ұғып, ел қамын жоқтауға кіріседі. Өлең бұрынғыша қызық, сауық сияқты ермек смес, қауым қызметін атқара бастайды. Елдің саяси пікірі мен тілек, мақсат, мұң-зар сияқты сезімдерінің басын қосып, жаңадан ой негізін, салт-санасын құрай бастайды. Бұл уақытқа шейін болмаған әлеуметшілдік сарыны, азаматтық нысанасы шығады» [1,194-195], — деген тұжырымы тағдыр-талайы ортақ, тарих тағылымын бірге көріп келе жатқан екі елдің әдебиетіне де қатысты. Әсіресе казақ пен қырғыздың зар заман ақындарының көрегендікпен айтылған болжамдары расқа айналып, ой-армандары орындалған қазіргідей ақжарылқап кезенде Әуезов қафидарының құны арта түскені сөзсіз. Қандай мақсатпен, қандай көзкараспен болсын, бұл тақырыпқа бойлап көрген зерттеушілер ғалымның зар заман ақындары туралы пайымдауларын негізгі бағыт етіп ұстанды. Тіпті кейін көртартпа әдебиет тұрғысынан бағалаған окулықтарға сінгізілгенде де жыр жүйріктеріне Әуезовтің берген атауы өзгерген жоқ. Бүгін де солай. Қай кезде де зар заман ақындары болып қала бермек.

Қазақтың ірі қоғам қайраткері Халел Досмұхамедұлы М.Әуезовтің бұл еңбегінен соң бір жылдан кейін жарық көрген «Год работы Казахского высшего педагогического института» атты жинаққа енген «Қазак халық әдебиеті. Қысқаша очерк» деген ғылыми зерттеуінде өзі жіктеген поэзияның түрлерінің бірін «зар заман» деп атады. Халелдің анықтamasы бойынша: «Халық поэзиясының тағы бір сокталы түрі — зар заман (скорбная поэзия) мен толғау. Бұл өлеңдерде салт-сананың бұзылуы жырланады, халық өмірінің көне өдет-ғүрпі мен ескі салттарының құлдырауы, билер мен әкімдердің паракорлығы мен пәтуасыздығы, тұрмыстіршіліктің нашарлауы, мал санының азаюы мен халықтың жұтауы, жайылым-қоныстың тарылуы, коныс аударушыларға шұрайлы жерлердің кесіліп берілуі, жердің тозуы, елдің азуы, аштық, жұт т.т сөз болады; бұрынғы өткен өмір мен

ескі салт-дәстүрлер мадакталып, кейінгі өзгерістерге зар айтылады. Мұндай зар заман жырлары аса көп және мазмұны жағынан алуан түрлі» [2, 23]. Қазак әдебиетінің негізін құрайтын халық әдебиетін бірнеше түрге жіктеген ғалымның солардың қатарына «зар заманды» қосуы текten-тек болмаса керек. Біріншіден, Халел Досмұхамедұлы М.Әуезов «зар заман ақындары» деп атаған жыр жүйріктегінде өлецтоглауларын өте жетік білген. Олардың бірқатарының шығармаларын халық әдебиетін түрге бөлгендегі мысал ретіндегі пайдаланады. Халелдің бұл еңбегінде Әуезов кітабының «Зар заман ақындары» тарауына өзек болған Асан Қайғы, Бұқар, Досқожа, Шернияз, Базар, Мұрат, Нысанбай, Күдері, Ығылман, Нарманбет сияқты ақын-жыраулардың есімдері аталаады. Екіншіден, ғалым осы ғылыми еңбегі жарық көрерден төрт жыл бұрын зар заман поэзиясының өкілі Мұрат Мөнкеұлының шығармаларын «Мұрат ақынның сөздері» деген атпен кітап етіп (Ташкент, 1924) шығарған еді. Мұратпен бір топыракта дүниеге келген Халел ақынның жырларын бала күнінен бойға сіңіріп өскен. Жыр жампозының «Окудан қайтқан жігітке» дейтін хат түріндегі өлеңі атақты Алдар бидің түкімі, Халелдің әкесінің ағасы Дәuletұмбет Машақұлына арналған. Осы күні жүрттың аузында жүрген Мұраттың жырлары негізінен Халел Досмұхамедұлы жинаған нұсқалар болып саналады. «Мұрат ақынның сөздері» атты жинаққа ғалымның жазған басташар мақаласында «заман», «зар» деген сөздер бірнеше рет жеке қолданылғанымен «зар заман» немесе «зар заман ақыны» деген тұтас тіркес кездеспейді. Ендеше, кейіннен оның «халық поэзиясының тағы бір сокталы түрі — зар заман» деп тұжырымдауына осының алдында ғана шыққан Әуезов еңбегінің әсері болуы мүмкін. Сондай-ақ ғалым бұл зерттеуінде «Патша үкіметі мен Қоқан билеушілерінс, олардың шенеуніктерінің бассызыдығына қарсы жырларға» [2, 23] сипаттама беру арқылы зар заман ақындарының негізгі сынға алған нысанасын да атап көрсетеді.

1959 жылғы қазак әдебиетінің негізгі проблемаларына арналған ғылыми-теориялық конференцияда Бек Сүлейменов елең еткізерлік дерек ұсынды. Белгілі бір дәуірдегі қазак ақын-жырауларының шығармаларының көркемдік құндылықтарынан гөрі таптық ұстанымдары көбірек талқыланып жатқан тұста тарихшы ғалым пікірін былайша білдіреді: «Ы.Алтынсариннің әдеби ағымға көзқарасын «Горе киргиз» деген

қолжазбасы толық танытады. Бұл оның Түркістан қазақтарының, Түркістан өлкесі ақындарының «Зар заман» туралы шығармаларына жасаған қорытындысы еді. Ы.Алтынсариннің бұл берген бағасын өтсө орынды деп білемін. Мұнда ол «Зар заман» әдеби ағымын патша үкіметінің отаршылдық саясаты, жұт қоян жылдары деп аталатын ашаршылық пен жалаңаштық кезең туғызды дейді. Бұл жерде Ы.Алтынсариннің «Зар заман» ағымының тууына патша үкіметінің отаршылық саясаты себеп болды дегені дұрыс. Ы.Алтынсарин «Зар заман» туралы жазбаған адам жоқ деп, оларды өз текстісінде келтіреді» [3, 268].

Кейіннен орталық архивтің құжаттар қорынан табылған «Горе киргиз» («Қазақтың қайғысы») ел ақындарының заман халін айткан өлеңдерінсә жазылған түсініктеме екені белгілі болды. Үбірай Алтынсарин вице-губернатор В.Ильинге аудармасын қоса жолдай отырып, бұл өлең-жырлардың тууына себеп болған оқигаларға талдау жасайды, 1868 жылғы Уақытша ереженін әділетсіздігі, халыққа жайсыздығы, ұлықтардың озбырлығынан ұлттық намыстың тапталып жатқаны туралы баяндайды. Ұсынылып отырган өлеңдер «Жаңа низам» қалыптастырған ахуалға қазақтардың көзқарасын білдіретінін айтады. «Біз жақында Люштың «Қырғыз хрестоматиясынан» осы өлеңдерге үксас боп келетін Түркістан өнірі қазақтарының «Зар заман» өлеңін кездестірдік» [4, 187], — дейді ол.

Мұхтар Әуезовтің тұжырымдамасына сәйкес кейін отаршылдық дәүірде жасаған, ортақ сарынмен жыр төккен ақындардың жалпы атауына, тұтас әдеби құбылыстың анықтамасына негіз болған Шортанбай Қанайұлының «Зар заман» толғауы 1870 жылдың академик В.Радловтың «Түркі халықтарының халық әдебиет үлгілері» атты көп томдық еңбегінің қазақ фольклорына арналған үшінші томында басылып шыққан. Кейіннен қазақ әдебиетіндегі тұтас бір ағымның атауына айналған шығарма туралы В.Радлов былай дейді: «Зар заман» мен «Заман ақыр» тәрізді гибрат өлеңдер Ертістің шығысындағы дала қазақтарының моллалары шығарған қолтума дүниелер» [5, 19]. Бұл жерде әңгімс Шортанбай жөнінде болып отырганы анық. Заманға сын айту қазақ ақын-жырауларының шығармаларында бұрыннан бар. Эйтсе де, тасқа басылған Шортанбай өлеңінен кейін «зар заман» тіркесі қасіретті кезеңнің, аянышты халдің жыр түрінде бейнеленуінің көрінісі ретінде қалыптаса бастаған.

Ал Ы.Алтынсарин атап өткен Я.Лютш жинаған Түркістан өлкесі қазақтарының әдебиет нұсқалары 1883 жылы Ташкент қаласында басылған. Сол кітапта «Зар заман» деп аталатын өлеңдер топтамасы жарық көрген.

Әлихан Бекейханның мұрасын зерттеушілер ұсынған мына бір дерек назар аударапты: «Санкт-Петерборға 20 жасында келген Әлиханның студенттік күндерін қалай өткізгендігі жайында Англияның әйгілі білім ордасы — Оксфорд университетінің «Орта Азияны зерттеу қоғамы» өзінің «Қазақтар 1917 жылға дейінгі орыстар туралы» атты кітабында «Ә.Бекейхан жас күнінде орнықты революционер, социалист болды және «Зар заман» атты орыстарға қарсы әдеби топтың мүшесі болды» деп жазады» [6, 10]. Бұл үйимның қашан құрылғандығы, қанша адамның мүше болғандығы, топтың іс-әрекеті жөнінде толық мәліметтер жоқ. Дегенмен өткен ғасырдың токсаныншы жылдары үйимдасып, жұмыс жүргізген осы топтың бұлай аталуына 1870 жылдан бастап сол Санкт-Петербургдың өзінде шыққан кітаптарға енген Шортанбайдың «Зар заман» толғауының өсері болуы мүмкін деп топшылаймыз.

Сәкен Сейфуллин тікелей «зар заман ақындары» деп айдар тақпаса да, атаптап айтуды шайырлардың шығармаларына өз зерттеулерінде біршама тоқталды. Ол өзінің еңбектерінде бұл дәуір өкілдері туралы бағалы пікірлер білдірді. Шортанбайдың шығармаларын жариялады. Мұрат ақынның мұрасын талдап-таразылады. С.Сейфуллин төңкеріске дейінгі әдебиетті билер дәуірі (Руды билеу), патша дәуірі (Қазақ елі орыс патшасына бағынған дәуір) деп екіге болді [7, 65]. Осының соңғысы — біздің тақырыбымызға өзек болған өлең-жырлардың туындаған кезеңі.

«Зар заман» атауының мән-мағынасын ашып, әдебиеттанудың ұғымы ретінде орнықтырып, осы ағымның өкілдерінің шығармаларына жана шығармаларын қарап, жалықпай зерттеп-зеделеген жазушы-ғалым Сәбит Мұқановтың сібігі олшеусіз. Ол 1942 жылы жарық көрген «Қазақтың XVIII-XIX ғасырдағы әдебиетінің тарихынан очерктер» атты кітабының бір тарауын «Зар заман» деп атады. Бұл топтың жүрт ұғымында қалыптасқан өкілдері — Шортанбай Қанайұлы мен Мұрат Мөнкеұлының қатарына Шернияз Жарылғасұлын қости. Бірақ бұдан соң Шерниязды жаңағы шоғырға телу үрдісі қалыптаспағанын, түптеп келгенде ақын шығармашылығы зар замандық сарындардан аулактау екендігін айта

кеткенді жөн санаймыз. Сонау М.Әуезовтен желі боп тартылыш келе жатқан «Зар заман» үғымы жөніндс С.Мұқанов мынадай ғылыми байыптама жасады: «Бас бостандығынан, жердсін айырылған, кедейленген халық, бұл зорлыққа қарсы басын көтере алмады, көтерем дегенге үкімет көтертпей, қозғала бергенде тарпа бас салып, орнында езіп тастап отырды. Осында қолдан күш, бастан ерік кеткен кезде, қайғыдан тұншыққан халықтың зарынан туған көркем әдебиестін біз «Зар заман» әдебиеті дейміз» [8, 120-121].

Шортанбай мсн Мұраттың шығармаларын жинап, жүртқа кеңінен таныстырган С.Мұқанов олардың ардакты есімдерін әр түрлі дау-дамайдан арашалауға үлес кости. Елуінші жылдардың қырағы көздері Шортанбайларды Абайға қарсы қою арқылы оларды әдебиет ауылынан аулақтатуға тырысқаны мәлім. Тіршіліктің бары мен базарын келелі келешектен емес, өткен өмірден іздейтін ақындардың өлең-жырларын тұншықтыру үшін бұл таптырмайтын тәсіл санауды. Әсіре әдебиетшілер ілгері басудың орнына кейін тартып, жананы жирене қабылдаған зар заман жыршыларын орыстын оқуын оқып, тілін үйренген Абайдың қолымен таяқтатқысы келді. С.Мұқанов алдымен осыған қарсы тұрды: «Біреулер Абайға қоятын шартты Шортанбайға да қойғысы кеп, «неге ол Абайдай бізді прогрессе, орыс мәдениетіне шақырмайды?» дейді. Сөз емес олай деу. Абай орыс мәденистімен таныс та, Шортанбай таныс емес. Таныс смес нәрссесіне қалай шақыра алады ол?» [9]. Кеңпейіл жүрекпен, қазақы кең қолтық мінезбен айтылған бұл пікір айқын көзқарасты танытады. Көрнекті жазушы Абай өлеңіндегі Шортанбай шығармашылығына байланысты ой-тұжырымды талдау кезінде таптық таным шенберінде қалып қоймайды. Мәселенің мән-жайына тілдік-көркемдік, эстетикалық тұрғыдан үңіледі.

Шортанбайды шошындырған отаршылдықтың озырылғы болса, зерттеушілерді зәрезап қылған нәрсе — бұл ақынның өз өлеңдеріне «орыс» сөзін арқау етіп, ел мен жердің қадірін кетірген жасауылдардың іс-әрекетін бейнелеуі. Жыр жампозының толғауларындағы «көпір», «орыс» үғымдары ксібір басылымдарда отарлаушылық жүйсіні меңзейтін «дұшпан» атауымен алмастырылып отырса да, тіміскі топ түпнұсқаны түрткілеуден танбады. «Орыс — бүркіт, біз — түлкі», «Құғындал орыс жеткен соң..», «Орыстан жаман тым-ақ жау», «Корқар ма орыс қой дегенгес..», «Көпірді көрдің піріндей», «Орыс көпір жеңіп

түр», «Ит кәпірге жақындал»... секілді саясатшылар секем алатын тіркестерге тағы да С.Мұқанов араша түсті: «Енді бірсулер «әдебиетте зар заман сарынын Шортанбай туғызды, онысы қазақтың Россияға қосылғанына қарсылығы» дейді. Ол да сөз емес. Орыс халқына, орыс мемлекетіне қарсылық сарын Шортанбайдын ешбір шығармасында жоқ. Ол патша үкіметінің отаршылдық саясатына карсы. Сол қарсылығын іске асыра алмаған ол, өмірден торығады да, бестін ахиретке бұрады» [9].

Тарихшы-ғалым Е.Б.Бекмаханов Қазақстан Ғылым академиясының сессиясында (1947) жасаған баяндамасында «зар заманды» сол кездегі идеология талаптарына орайластыrsa да, казақтың қоғамдық ой-санасындағы ағым екенін атап айтты [10, 432].

Әдебиет пен өнерге идеологиялық бақылау үстемдік құрып тұрган кезеңде зар заман ақындары шығармаларының жолы оңғарылмады. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің 1947 жылғы 21 қантардағы «Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институтының жұмысындағы саяси өрсекел кателер туралы» қаулысы халық мұрасын архивке қайта тықты. Қаулыдағы: «Откендері әдебиет өкілдері жалпы халық қайраткерлері болды деп көрсетіледі, ал олардың творчествосы тап күресіне байланыстырылмай, онан тыс тексеріледі. Сөйтіп, олардың шығармаларындағы феодалдық, реакциялық, буржуазиялық-ұлтшылдық сарындар қағажу бүркеуде қалдырылды. (Базар, Мұрат, Шортанбай, Шәңгереj, О.Қарашев, С.Торайғыров және басқа ақындар)» [11], — деген жолдар рухани мұрамыздың әрбір жолына саяси қырағылықпен үңілуге міндеттейді.

Әрине, бұл қаулыдан кейін аталмыш ақындардың өлеңжырлары жарыққа шықпайтын болды. Олардың шығармалары мектеп оқушыларына тәрбие беру ісінен аулақтатылды. Сол құжаттан соң қайта жазылған оқулықтар жас үрпақтың қолына «құлағын кесіп құнтитқан, мұрнын кесіп шұнтитқан» күйінде жетті. Т.Кәкішевтің: «Шортанбай, Дулат, Мұраттар қазақ әдебиетінде қара дақ, каныпезер дүшпан болып түсіндірілді» [12, 86], — деген тұжырымы осы кезеңнің табиғатын дәл танытады. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің 1957 жылғы 8 шілдедегі «Қазақ халқының әдеби-поэзиялық және музыка мұрасын зерттеудің, сын тұрғысынан қарап пайдаланудың жайы және оларды жақсарту шаралары туралы» қаулысы осыдан он жыл бұрынғы қаулыдан

кейін езіліп қалған еңсөні котеріп, коңілге жылылық ұялатқандай сіді. Алға қойған мақсаты айқын бұл құжат көптің көкейіндегісін тап басты. Осы қаулының негізінде тиісті орындарға айтыс, мақал-мәтедер жинақтарын өзірлеу, қазақ әдебиеті тарихының фольклорға ариалған бірінші томын қайта түзу, XVIII-XIX ғасырлардағы казақ әдебиетінің тарихын жасау жөнінде тапсырма берілді. Сол замандағы әдебиет зерттеушілеріне бағыт-бағдар боларлық мынадай тұжырымдама жасалды: «Қазақстаниң кейбір ғалымдары, жазушылары және басқа творчестволық қызыметкерлері соңғы уақытқа дейін өткен кездегі мәдени мұраға баға беруде слесулі қателіктеге жол беріп, революцияға дейінгі барлық акындар мен жыршылардың таптық және саяси бағытының қандай болғанына қарамастан, олардың творчествосын бір жақты мадақтап келді немесе откен кездегі мәдениеттің жетістіктерін қалай болса солай жамандап, жоққа шығарып келді» [13]. Қаулы сол кездегі идеологиялық көзқарас тұрғысынан талап койғанымен, бар-жоғынды түгендереп алуға таптырмайтын құжат болатын. Соған қарамастан өсіресактық, калыптастып қалған жасқаншақтық құлашты кең жаздырмады.

1959 жылы 15-19 маусым аралығында Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институты өткізген ғылыми-теориялық конференцияда зерттеуімізге өзек болып отырған ақындардың шығармалары идеялық бағыт-бағдары тұрғысынан жан-жақты талқыланды. Сондықтан бұл жыр жүйріктегін әдебиет тарихындағы орнына, өлсентолғауларының көркемдігіне, қоғамдағы құбылыстарға көзқарастарына шынайы баға берілмеді. Конференцияда негізінен аталған ақындардың таным-түсініктерін терістеуге бағыт ұсталды. Ол кезде қазақ әдебиетінің өкілдерін прогрессивті және көртартпа бағытқа жіктең, қолда бар мұраның мән-мазмұнын екінің біріне жатқызу үрдіс болғаны белгілі. Ал зар заман поэзиясы ілгерілеуші бағыттың жүгін котере қоймайтыны анық. Сол себепті зерттеушілеріміздің көбі идеологиялық мәжбүрліктің шырмауынан шыға алмады.

Алқалы бас қосуда «зар заман ақындары», «зар заман поэзиясы», «зар заман ағымы» деген сөз тіркестері көп қолданылған жоқ. Бұлар көбінес-көп «көртартпалық», «реакцияшыл бағыт» деген секілді үғымдармен ауыстырылды. Бұлай болуы занды да. Прогрессивті идеядан тыскары

калғандардың бәрі бірдей зар заман ағымының өкілдері смесстін. Олардың ішінде таза діни-мистикалық сарынмен жырланған ақындар да бар еді. Эрине, конференцияда Дулат, Бұкар, Шортанбай, Мұрат сынды ақындардың өлең-жырлары жөнінде оң пікір білдіріп, сындарлы көзқарас танытуға талпынғандар да болды. Бірақ оның бәрі әдеби мұрамызды біржакты бағалаған идеологиялық өктемедіктің көленкесіндегі қалып қойды.

Әдебиетші ғалымдардың қай-қайсысы да мәденистімізді байытатын мұраның қажеттігін жақсы білді. Алайда, талқыға түсіп отырған шығармалардың идеялық-саяси бағыты «сын көтермейді». Осыған орай бұл еркіндігі шектесуілі ой-пікірдің додасы болды. Алдымен, бұрынғы зерттесулерінде Дулат, Шортанбайларды жеріне жеткізс сынай алмағандар аясыз айыпталды. Сонан соң сынампаздар аталған ақындардың шығармаларына ауыз салды.

Әйтсе де, бүгінгі күні қоғам өзгеріп, заман жаңаған тұста конференцияда айтылған пікірлерді қайта саралап, астарынан себеп-салдар іздең, қайыра үнілгеннің артыктығы жок. Мәселен, Ғылым академиясының корреспондент-мүшсі Е. Ісмайлов казак әдебиеттану ғылымының негізгі міндеттері туралы баяндамасында былай дейді: «Қазак әдебиетінде демократиялық прогрессивтік мәдениеттің элементі де, мінс, осы реализм жолындағы поэзиядан көрінеді. Ал жалған романтизм мен көртартпашил мистицизм жолындағы ақындардың (Мұрат, Әбубекір, Базар, Шәңгереі т.б.) және кітаби-діндар ақындардың поэзиясы реалистік дәстүрден алыс болды, қоғамдық өмірді көркемдеп суреттей алмады. Өмірден түңілуді, дәүрсі өтіп бара жатқан феодализм заманын, ертедегі азыз әнгімелерді дәріптеп жырлаусын болды. Демек, реализмға қарсы әдебиет ағымы бір халықтың, билеуші қауымның мақсатына жататын мәдениеттің элементін тудырды» [3, 29]. Мұндағы назар аударлық нәрсе — Е. Ісмайловтың өз сезінде «реализмға қарсы» деген анықтамасы бар «әдебиет ағымы» деген тіркестің қолданылуы. Бұл жерде М. Әуезовтің аталған ақындар шығармашылығын әдеби қағидаларға орай негіздеп, «зар заманда» ағымға балауы кері мағынасында болса да ауызға ілінді. Ал зар заман поэзиясының романтизмға қатыстылығы айдан анық нәрсе. Сондықтан Ісмайловтың «жалған романтизм» деуі бүгінгі шынайы көзқарас ыңғайындағы ресресті, яғни кері романтизмнің, немесе романтизмді өткеннен іздеудің

елесін аңғартқандай. Өз халқының мақтан тұтқаның үшін ұлтысыл атанатын замандағы ғылыми-теориялық конференциядағы пікірлердің теріс сипатта өрістегені тан қалатын нәрсе емес. Сол себепті де «Қазақ әдебиеті тарихының фактілеріне келетін болсақ, мұнда да ескі, діншілдік мистикадан, феодализм заманының көзқарастарынан шыға алмаған Мұрат, Әбубекір, Шәнгерей сиякты ақындар өз заманының шындығын реалистік түрғыдан суреттей алмады. Абай, Алтынсарин бастаған прогресшіл ағымға қарсы көртартпашыл бағытта жазды. Ал кейбіреулерінің шығармаларында (Мәселен, Шортанбайдын) өз заманындағы бұқараның ауыр тұрмысын, отаршылық қысымды жырлауы көзге түртіп тұрган өмір шындығын танымасқа, оны суреттемеске шарасы қалмағандығын, сөйтіп, өзінің дүниес тануында заман шындығын дұрыс көрсетуге ойысқанын аңғартады» [3, 27], — деген пікір баяндаманың өзегіне айналды. Мәселеге қазіргі көзқарас бойынша үнілсек, Дулат пен Мұрат, Шортанбай мен Әбубекір жырлары өз заманын нағыз шынайы түрде сипаттап көрсете білгендігімен ерекшеленеді. Суреттемеске шарасы қалмағандықтан емес, саналы түрде көңілдегі сырын толғап, кестелі жыр төккен сөз зергерлерінің ой-арманын ғалымдар амалсыздан саясаттың талаптарымен бүркемелеуге мәжбүр болды. Әйтпесе осы жазылғандардың бәрі ұлттық мұрамызды терендете зерттеймін деп басын дауға тігіп, сottы болған ғалымның нақты позициясы еді деудің жөні жоқ шығар. Шынында да «30-жылдардың ақыры мен 40-жылдардың бас кезеңінде жазылған біздің әдебиеттегінен енбектеріміздің бірқатарында Бұқар жырау мен Махамбет те, Шортанбай мен Алтынсарин де, Абай мен Мұрат, Сұлтанмахмұт пен Шәнгерей де, Дөнентасев пен Омар Қарашев та — барлығы да ағартушы, демократ, сыншыл реалист, тіпті халық ақыны етуге дейін асыра дәріптеу орын алды» [3, 38], — деп конференцияда өзі сынап отырған осы дәуір ақындарына кейін Е. Ісмайлов лайықты бағасын бергені мәлім.

Ғылыми конференцияда XIX ғасырдың 50-70 жылдарындағы қазақ әдебиетін зерттеу мәселелері жөнінде баяндама жасаған Үсқак Дүйсенбаевтың пікірлерін бүтінгі көзқараспен қайта зерделегендеге көп нәрсеге көз жеткізуғе болады. Әрине, қай әдебиетші де қоғамдағы саяси ахуалдың ынғайынан шыға алмағаны белгілі. Негізінен, Ы. Дүйсенбаевтың аталған ақын-жыраулардың мұралары хақындағы ой-тұжырымдары осы желінің төңірегінде өрбіді. Сол себепті әдебиетші-ғалым бас

қосудағы жалпы сарыннан ауытқымай, Шортанбай, Дулат, Мұрат, Әбубәкір Кердері, Базар жырау сиякты ақындардың «XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ қоғамының әлеуметтік өміріндегі жаңалықтарын түсінбей шошынғанын, патшалық отаршылықтан қорғану, үркү нәтижесінде орыс халқының ұлы мәдениетінен де тартынып, жатырқағаның, кей сәтте қарсы шыққанын» [3, 113] атап өтті. Кейіннен осы кезең ақындарының мұрасын жан-жақты зерттеген ғалымның Дулат, Мұрат және басқа да заман күйін толғаған жыр жүйріктепі жөнінде сүбелі дүниелер ұсынғаны белгілі [14]. Конференциядағы баяндамасында ол аталған ақындардың шығармаларының ақ-қарасын айырып, түсініп талдауды міндеттеді. Олардың мұрасының саясатқа қатыстылығынан гөрі, поэзиялық қуатына, көркемдік нәріне назар аудару керек дегенді астарлап болса да аңғартты. Сол замандағы әдебиет тарихын зерттеудің дәстүрлі әдіс-тәсілдерімен өзінің көліспейтіндігін жариялады. Сондықтан оның: «Әдette біr ақынның шығармасына баға бергенде біріне-бірі қарама-қарсы екі түрлі көзкарас орын теуіп келді: не сол ақынды халық мұнын мұндаған прогресшіл қайраткер етіп тарихта қалдыру, я болмаса оны кертартпа, реакцияшыл феодал жыршысы деп танып, тарихтан мұлде шығарып тастау. Біздінше, көрнекті мәдениет қайраткерін, егер ол шын мәнінде сондай болса, реакцияшыл екенсің деп тарихтан шығарып тастауға болмайды, ол ақын өзінің тиісті бағасын алып, белгілі бір көлемде зерттелуге тиіс» [3, 113], — дегенін осы тұрғыдан түсінгеніміз абзal. Бұл Шортанбай, Дулат, Мұрат, Әбубәкір Кердері сиякты ақындардың шығармаларына байланысты айтылған пікір. І.Дүйсенбаев бұл ақындардың шығармаларының идеясы өзге ұлттар мұддесіне қайшы келетінін ескертіп, осыған дәлел ретінде пролетариат көсемінің қафидасын көлденесң тартты. «Шортанбай, Дулат, Мұрат, Әбубәкір Кердері тәрізді ақындардың шығармаларын... тек жоғары оқу орындарының бағдарламасына немесе әдебиет тарихын зерттеуші мамандарға арналған жинақтарға ғана енгізген жөн» [3, 123]. Зар заман ақындарының шығармаларын мектеп окулықтарынан аулақтатуға осындай ұсыныстардың жынытығы жеткілікті еді. Дегенмен І.Дүйсенбаев сынды ғалымдар жыр жүйріктепінің өлең-толғауларын жоғары оқу орындарында оқытууды табанды түрде талап еткенін атап көрсетуіміз керек.

Конференцияда бүгінгі күн тұрғысынан қарасаң да пәлендей мағынасы өзгермейтін, қай жағынан үңілгеніңмен

ұстаптайтын байыпты байлам жасаған пікірлер орын алды. Аталған ақындар шығармашылығын не асыра мақтамай, не түкырта даттамай, тұжырымдарын бірқалыпты баяндап шыққандардың қатарына М.Хассновті косуға болады. Оның сезіндегі жалпылама айтылған салқының қанды сипаттамалардан («Осы тұстағы әдебиестте патшаның отарлау саясаты ақын-жыраулардың шығармаларындағы иегізгі тақырыптардың бірі болды. Бұл тақырыпты Бұқардан бастап, Дулат, Шортанбай, Мұрат тәрізді ақындардың қайсысы болмасын жырлады»), дағдылы, дәстүрлі тұжырымдардан («Кедей қайтіп күн көрер, борышқа белден батады, жалғыз сиырын сатады» дей келс, болыс-бilerді ашына сөкті. Жаңа низамның іске асырылуын, қоғам өмірінде әркилі өзгерістердің пайда болуын, қазақ даласына қалалар салынуын, сауданың күшейіп, алypsатарлардың көбсюі тәрізді болған өзгерістерді Дулат та, Шортанбай да өз шығармаларына тақырып стіп алды. Осы жактарынан алғанда өз дәуірінің шындығын көреді, қазақ әдебиеті тарихында елеулі із қалдырып, айрықша назар аудартады»), баршага белгілі бағалау тәсілінен («Бұқар, Дулат, Шортанбай, Мұрат, Шәңгереj шығармаларының көп талқысына тұсуінің түпкі тамыры, міне, осында жатыр. Олар феодалдық-патриархалдық қоғам құрылышының іргесі бұзылып, ел билеу тәргібінде, қоғам өмірінде озгерістер туа бастағанда қанаудың күшегенсін, кедей-жалишылардың тұрмысының ауырлағанын жырлады») [3, 265] зар заман поэзиясына деген нақты көзқарасты ашып айту ыңғайы байқалған жок.

Бұл ғылыми-теориялық конференция аталған ақындар шығармаларының тағдырын шешетін алқалы баскосу еді. Сондыктan әрбіr пікіr, әрбіr ұсыныс есепке алынды. Сөз сөйлеушілердің ішінде Дулат, Шортанбай, Мұrat, Әбубекірлердің өлең-толғауларының мазмұнына, идеялық сипатына, әдебиет тарихындағы орнына тоқталмағаны кемдекем. Ал шығармаларының көркемдік ерекшеліктері, өлең ернектері көп сөз бола қойған жок. Өйткені конференцияда қазақ өлеңінің көркемдік сапасы туралы емес, қалдырған мұрасының идеялық мазмұны талас тудыратын ақындардың шығармаларын көп үлтты әдебиеттің тарихына қандай дәрежеде жақындастыру женинде мәселе қаралып жатты. Осыны мықтап зердессінде ұстаған зерттеуші ғалымдар сөз болған шығармаларға сол кездегі саяси талап тұрғысынан үнілді. Ал Дулат, Мұrat, Шортанбайлардың көзқарастары бул

өлшемге сәйкес келे қоймайтыны тағы белгілі. Мұның озі қазақ әдебиетінің XIX ғасырдың 80-90 жылдарындағы негізгі бағыттары жөніндес баяндама жасаған Фылым академиясының корреспондент-мүшесі М.Сильченконың айткан пікірлерінен де көрінеді: «Прямая идейная связь творчества Мурата с поэзией Шортанбая и общность их наиболее характерных речевых оборотов («Зар заман», «Тар заман» Шортанбая, «Сүм заман» Мурата) позволяют говорить о продолжающейся тенденции в основном реакционной, охранительной и противоборствующей с просветителями» [3, 125].

Абайдың шығармашылық өмірбаяны жоғанде құнды еңбек жазған М.Сильченко ұлы ақынның Шортанбай, Дулат, Бұқарға көзқарасы, «зар заман» «сүм заман» сарындарының туу себептері, қазакты қайғы-қасіретке ұшыратқан оқиғалар хакында нақты пікір айткан әдебиетшілердің бірі. Әсіресе ол 1868 жылғы Дағалық облыстарды басқару туралы Уакытша ереженің талаптарына қарсы шыққан ақындардың өлең-жырларын талдап-таразылаған кездес көшпенде еміріміздің болмыс-бітімің өзгерістерін көрсету арқылы ой толғайды. Зар заман ақындарының шығармаларындағы көзқарас ортақтығын айқындаپ (самауыр мен шай, тар бешпент, тараптас-арба, әйел мен жас үрпак т.б. туралы), толымды тұжырым жасайды [15, 23]. Бұл сибігі жарыққа шыққаннан кейін екі жылдан соң өткен конференцияда зар заман ақындарының идеялық көзқарастарын, таным-түсініктерін қайта зерделсеген М.Сильченко олардың шығармаларына бір жакты қарамай, жан-жақты бағалау, өлең-толғауларының халықтық сипатына реалистік түрғыдан мән беру көркестігін ұсынады. Алайда, ол: «Какис же у нас, у марксистов-литератороведов, основания говорить о народности, художественности, непреходящем значении Мурата или Шортанбая? Пороюются на время, на что эти певцы — продукт своей эпохи, что они не могли овладеть передовым мировоззрением и т.п. Все это лишь констатация факта, а не объяснение его. Мурат — современник Алтынсарина и Абая. Мурат — очевидец не только того отрицательного, что действительно вошло в казахскую жизнь с присоединением к России, но и того нового, что пробуждалось в народе: стремления к личной свободе, знание, борьбе. Одно он увидел, на другое закрыл глаза. Поэт же, который не видит передовых явлений современности, зовет к прошлому, отсталому, не может быть ни народным поэтом, ни реалистом?» [3, 126], — дед ақындардың ұстанған көзқарасын айыптаіды.